

« Жыл басы – Наурыз »



Kіpіcne

Тақырыптың өзектілігі: Мереке адамзатқа тән құбылыс ретінде ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. Оның этнографиялық мәні, сипаттамасы, ұлттық түрлері, әлеуметтік –көркемдік мәні, социологиялық нысан, педагогикалық құрал және кәсіби әрекет ретінде ғылыми мәселелері қарастырылады. Олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты орындалып, тиесілі бағаланды. Алайда, осы күнге дейін мерекелердің адамзат мәдениетінің бір саласы ретінде, оның ішінде ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы орны арнайы талдау нысанына алынбаған. Наурыз — қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже ішіп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі-жас, қатын-қалам бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілер тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгісі күнде жаңа жыл туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «іс жаңа жыл қайырлы болсын, жаңа бақыт кәсіп болсын» — деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді.

Шығармашылық жобаның мақсаты:

Оқушыларға қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Шығармашылық жобаның міндеті:

Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл 22 наурыздан басталатынын, күн мен түн теңесетінін түсіндіру. Наурыз мейрамын басқа мейрамдардан айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Оқушылардың наурыз мейрамы, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жөнінде түсініктерін тереңдете түсу, өз халқының салтын ұмытпай, жалғастыруға баулу. Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу.

Шығармашылық жобаның құндылығы:

Наурыз – өз құндылықтарымен қазақтың ұлттық мейрамы. Наурызды бізден басқа Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ халықтары да тойлайды. Бірақ олармен салыстырғанда, Наурызды қазақтың мейрамдауы – айрықша дәлелді. Өйткені, наурызда қыс өтіп, көктем жетеді. Қыс бойы ақ көрпеге оранып «өліп» жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық. Қыстың өтіп, жаздың жетуіне қазақтан артық қуанатын ел болмаған, өйткені тіршіліктерінің тірегі кәсібі болса, қазақтың шаруасы тікелей табиғатқа тәуелді мал шаруашылығы екені белгілі. Көне салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыздың ішінен халқымыз үшін ең қадірлісі, рухани, мәдени және адамгершілік тұрғыдан құндысы ғана желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Сондай қымбат қазыналарымыздың бірі – Наурыз мерекесі. Наурыз – бүкілхалықтық мейрам, Ұлыстың ұлы күні. Халқымыз Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны ерекше тойлауды салт-дәстүрге айландырған.


Күн мен түннің теңелуі











**Наурыз бата – наурызға арналып сойылған
малдың басы мен жамбасына, ескі жылдың
дәмі – сүрленген қазы қарта, жал жая...
берілетін арнаулы бата.**



**Наурыз жыры – қазақ халқының жаңа жыл,
Наурызға арнап айтатын тұрмыс салт
жырының бір түрі.**



**Наурыз көже – келер жылы
молшылықтың жоралғысы ретінде әр
шаңырақ міндетті түрде жасайтын**




**Наурыз жұмбақ – наурыз айындағы
жұлдыздардың қозғалысы мен орнына, күн
мен түннің теңелуіне, табиғат құбылысына,
бұл айдағы амалдар мен ауа райының
өзгерісіне байланысты айтылатын жұмбақ
өлең.**

Бірінші жұмбақ:

**Алты арқар, жеті қаз, төрт бөдене, Тұнық пенен лайдың арасынан,
Кейде толы, кейде орта бір тегене. Бір аққу шыға келді құсқа төре.**




**Үрке
р**



Жетіқарақш



**А
й**



**Кү
н**



**Тү
н**

Екінші жұмбақ:

Атасы мен анасы,
Үш жүз алпыс бес баласы,
Он екі ауыл шамасы,


Отыз ор
дуадақ,
Бес сан балақ,
Елу екі



рақ



«Бесқонақ» — байырғы қазақ күнтізбесінің бірден бір жұрнағы. Қазақ күнтізбесі бойынша жыл әрқайсысы тоқсан күндік төрт маусымға бөлініп: көктем – «жылтоқсан» (жыл алмасатын маусым), жаз – «оттоқсан» немесе «жазтоқсан», күз – «күзтоқсан», қыс – «желтоқсан» аталған. Бұл әрбір тоқсан сәйкес түрде төрт табиғат дүлейінің (стихия) «патшалық» мерзімі саналады: «жылтоқсан» - су арнасы «жылға» сөзінің түбірінен, яғни Су маусымы; «оттоқсан» - өсімдіктің барынша өсіп отқа, қуатқа айналатын, малдың қуат жинап отығатын, адамның табиғаттағы барлық дәруменді сіңіріп күшейетін От маусымы; «күзтоқсанда» табиғат күзеліп, барлық өскен нәрсе Топыраққа айналады; «Желтоқсанда» өмірге Ауа қожалық етеді – жел, боран, қардың саф ауасы. Бұл жағдай Алматының солтүстік батысындағы Аңырақай жотасынан табылған Таңбалытастағы Наурыз айы мен мүшелге қатысты тасқа түскен таңба дәл бейнеленген: Тәңір(күндіз) мен Іңір (түн), бұзау – көктем, жайылған баспақ – жаз, мүйізді ірі семіз бұқа – күз, көтерем, өлмелі сиыр – қыстың бейнесі; тойлаған он екі айуан кейіпті мүшел. Жімі қараған адамға мүйізді өгіз (бұқа) Тәңірге қарап тұр, ал ол құшағын айқара ашып қарсы алуға даяр. Бұл - ежелгі құрбандық мәнісін байқатады. Бәлкім, соғымның мәні осы көріністе астарлы



Қорытынды

«Наурыз – қазақша жыл басы. «Наурыз қазақтардың ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі». Мағжан Жұмабаев: «Қазақ Жаңа жылы – жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді. Наурыз әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. Сондықтан, қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамды тұрмыспен, ғылым-мен байланыстырып қоғамға пайдалы игі іс